

**"Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 379 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 қазанда № 5136 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 12.01.2016 № 4 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. А. Е л е у і п о в к е жү к т е л с і н .
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Жақаев

Әкімдіктің

2014 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 379 қаулысымен бекітілген

«Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жұмыспен қамту, әлеуметтік әріптестік, және халықты әлеуметтік қорғау саласында жергілікті мемлекеттік басқару қызметін орындауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ведомствалары жоқ.

3. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111300, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Боровское ауылы, Летунов көшесі, 7.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті (аудандық) бюджеттен жүзеге асырылады.

13. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы халықтың өмір деңгейін және табысын, оның жұмыспен қамтылуын, әлеуметтік қорғалуын және әлеуметтік қызмет көрсетуін арттырудан тұрады.

15. М і н д е т т е р і :

1) Меңдіқара ауданының халқын жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мемлекеттік саясатын іске асыру, оның дамуына жәрдемдесу;

2) аз қамтылған отбасылардың, жұмыссыз азаматтардың, ардагерлердің, мүгедектердің және мұқтаж азаматтардың басқа жекелеген санаттарының әлеуметтік қолдауын ұйымдастыру;

3) азаматтардың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамамен көзделген құқықтарын, олардың мүдделерін, мемлекеттік кепілдіктерін қорғау;

4) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде халықты ақпараттандыру болып табылады;

5) арнаулы әлеуметтік көмек көрсету стандарттарын енгізу;

6) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілгендерді, мүгедектерді оңалту, соның ішінде мүгедек балаларды әлеуметтік қолдау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

16. Ф у н к ц и я л а р ы :

16-1. әлеуметтік әріптестік және тұрмыс деңгейін көтеру мәселелерін шешу с а л а с ы н д а :

1) әлеуметтік серіктестік жүйесін жетілдіру мәселелері жөнінде шаралар әзірлейді, әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастар жөніндегі аудандық және салалық келісімдерін орындалуына ықпал ету;

2) халықтың тұрмыстық деңгейін арттыруға және тұрақтандыруға бағытталған аймақтық бағдарламалар, нормативтік құжаттар дайындауға қатысу, олардың орындау барысын талдау;

3) өз құзыреті шегінде халықтың тұрмыс деңгейін және табысын арттыру, кедейлікті азайту мәселелері жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысу;

4) жеке және заңды тұлғалардың, мекемелердің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің құзыретіне кіретін мәселелер жөніндегі өтініштерін қарап, қажетті шаралар қабылдау;

5) көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету.

16-2. Халықты жұмыспен қамту саласында:

1) еңбек нарқы жағдайына талдау жасау, жұмыспен қамту стратегиясын орындауына бақылау жасау, саны, еңбек ресурстары бойынша статистикалық деректерді зерттеу және еңбек ресурстарын ауданда пайдалануын бақылау, төленетін қоғам жұмыстарын ұйымдастыру бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады, кәсіптік оқу, есеп, мәлімет, ақпарат құру және жоғары тұрған ұйымдарға ұсыну;

2) ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру;

3) халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмысқа орналастыру, барлық меншікті нысандардың ұйымдарында және мекемелерде әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;

4) халыққа кәсіби бағытта, білім беру қызметі нарқы жағдайын және кәсіби сұрақтары бойынша кеңестік-әдістемелік көмек көрсету;

5) жұмыспен қамтылмаған халықты кәсіптік оқыту бойынша жұмыс ұйымдастыру немесе оларды бөлінген қаражат шегінде қайта оқыту;

6) шетелдік жұмыс күштерін пайдалануға сараптама өткізу;

7) интернаттық мекемелердің кәмелет жасқа толмаған түлектерін, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды, жұмыссыз мүгедектерді квоталық жұмыс орындарына жұмысқа орналасуын ұйымдастыру;

8) халықты жұмыспен қамту бойынша ұйымдарымен және мекемелердің басшылығымен жұмыс істеу;

9) кәсіпорындармен жұмыс, жұмыс берушілерден мәлімет жинауды жүзеге асыру және жасырылған жұмыссыздық, босатылған жұмыс орындар және лауазымдық қызметтер, жаңа жұмыс орындары туралы есеп құру;

10) жұмыспен қамту мәселелері жөнінде ақпарат базасын құру;

11) жоғары органдарға жұмыспен қамту мәселелерін реттейтін нормативтік базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу және әзірлеу;

12) жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою;

13) жұмыссыз азаматтарға анықтама беру;

14) адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қ а т ы с у ғ а ж о л д а м а б е р у ;

15) оралман мәртебесін беру.

16-3. Халықты әлеуметтік қорғау саласында:

1) халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша аудан әкімі қаулысының жобасын дайындау, есеп беруді құру, халықтың әлеуметтік топтарын қорғау сұрақтары бойынша консультативтік қызмет көрсету;

2) жоғары органдарға халықты әлеуметтік қорғау саласында қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

3) ауданның әлеуметтік бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыруына қ а т ы с у ;

4) әлеуметтік көмекке мұқтаж болған тұлғаларды анықтау;

5) әлеуметтік көмекке мұқтаж тұрмысы төмен азаматтар мен отбасылардың д е р б е с е с е б і н ж ү р г і з у ;

6) он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақыны, азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу үшін құжаттарды қабылдау;

7) тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу;

8) жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу;

9) жәрдемақыны төлеуге ақша қаражат қажеттілігін жобалау;

10) аудан бюджетінен төленетін жәрдемақылардың барлық түрлерінің тағайындалуын бақылау және үйлестіру;

11) қоғамдық ұйымдармен мұқтаж отбасыларға көмек көрсету мақсатында б а й л а н ы с ж а с а у ж әне қ ұ р у ;

12) аудан мүгедектерінің деректер банкін құрастыру;

13) оңалту жеке бағдарламаларын орындау бөлімінде мүгедектерді әлеуметтік оңалту бойынша жұмыстарын, арнайы техникалық және қосымша құралдарға мұқтаж болған, сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдары, кресло-арбалар, санаторий-курорттық емдеуімен мүгедектерді оңалтуға шара қабылдауын қамту, есеп жасау;

14) оңалту мәселелері бойынша мүгедектерге консультативтік қызмет көрсету ;

15) мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдар, білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара іс - қимыл жасау;

16) қарттарға, мүгедектерге, соның ішінде мүгедек-балаларға және психоневрологиялық сырқат 18 жастан жоғары мүгедектер үшін үйде күндізгі күтім арнайы әлеуметтік қызмет көрсету;

17) қиын өмірлік жағдайындағы адамға (отбасына) арнаулы әлеуметтік

қызметтер беру туралы шешім қабылдауға уәкілетті;

18) Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәліктер беру;

19) медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттар рәсімдеу;

20) үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау;

21) ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек тағайындау;

22) жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды рәсімдеу;

23) мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды рәсімдеу;

24) өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

осы Ережемен көзделген функцияларды іске асыру үшін «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдармалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

1) өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан, басқа да ұйымдар мен азаматтардан сұрату, «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдармалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелерді дайындауға мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың қызметкерлерін тарту, тиісті ұсыныстарды өңдеу үшін уақытша жұмыс топтарын құру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

«Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдармалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын сақтауға, сондай-ақ оған жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауға міндетті.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне басшылықты «Меңдіқара ауданының жұмыспен

қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бөлімнің басшысы жүзеге асырады.

19. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы аудан әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынаста жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімін ұсынады;

2) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жұмысын ұйымдастырады әрі оған басшылық жасайды және бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады;

3) мемлекеттік мекемесі туралы ережені, бөлімнің құрылымы мен штат саны жөніндегі ұсынысты әзірлейді және оларды аудан әкімінің бекітуіне енгізеді;

4) бөлімнің ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

5) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттігін белгілейді;

6) заңда белгіленген тәртіппен көтермелеу, материалдық көмек көрсету мәселерін шешеді;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы және еңбек туралы заңнасына сәйкес бөлім қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

8) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын орындалуын бақылайды;

9) бұйрықтарды шығарады;

10) қолданыстағы заңнамаға сәйкес кадрлар жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

11) өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттарға қол қояды;

12) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі қызметкерлерін іссапарларға жібереді;

13) жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

14) сапалы және қолжетімді мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін бақылауды жүзеге асырады;

15) нормативтік құқықтық актілерді, бағдарламаларды және басқа да құжаттарды әзірлеу үшін жұмыс топтарын ұйымдастырады;

16) бөлім қызметкерлеріне орындалуы үшін міндетті нұсқаулар береді;

17) міндеттемелер мен төлемдер бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

- 18) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 19) бөлімінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізетін жұмысты жүзеге асыру бойынша басшысы дербес жауапты болады;
- 20) мемлекеттік қызмет көрсетуіне басшы дербес жауапты болады.
21. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезінде оның өкілеттілігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.
22. Бөлімінің басшысы өз бөлім мамандарының өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.
24. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай - ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.
25. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.
26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. «Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

